Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

Қазақ тілі пәнінен А2 деңгейіне арналған
№1 межелік бақылау жұмысы

1. Мезгіл үстеулі тіркесті табыңыз.
A) Төмен түсті
B) бірге түсті
C) бекерге түсті
D) әдейі түсті
E) былтыр түсті

2. Біріккен зат есімді табыңыз
A) Қолжазба, белбеу
B) Азамат, Отан
C) Әсем, Әсет
D) Жылқы еті, қой еті
E) ШҚО, ШҚМУ

3. Келер шақтық есімше қандай жұрнақтар арқылы жасалады?
A) -а,-е,-й
B) -ған,-ген,-кен
C) -шы,-ші
D) -ар,-ер,-р
E) -ып,-іп,-п

4. Туынды жұрнақтан жасалған зат есімді табыңыз.
A) Жаз
B) Жазушы
C) Жаздан
D) Жазып отыр
E) Жасырын

5. Сапалық сын есімді көрсетіңіз?
А)сүттей; Б) қалалық; С) таулы; Д) күзгі Е) тар.

6. Қарамен жазылған сөзге сұрақ қойып, сұраулы сөйлем жасаңыз: ***Елдің*** *атын еңбек шығарады.*

7. Берілген сөздерге зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтарын жалғаңыз: *жазу, жүргізу, аң.*

8. Берілген сөздерге өзгелік етіс жұрнақтарын жалғаңыз: *оқы, жатта, біл.*

9. Берілген сөздердің антонимін табыңыз: *ұзын, көне, биік.*

Мәтінмен жұмыс

Ағыбай батыр

1. Ағыбай (1800 - 1884) - Орта жүз сұлтаны Кенесары Қасымұлы қолбасшыларының бірі болған **атақты** батыр. *2.* Омбы губернаторы Ағыбайды патша өкіметіне қызмет етуге шақырады, бірақ ол бұған көнбейді.

3. Кенесары серіктерінің ортасында Ағыбайдың орны ерекше болған. *4.* Ол **ақылды**, шешен, қысталаң шақта жол тапқыш, әр нәрсені болжағыш болыпты. *5.*

Осы қасиеттерінің арқасында жорықтарда жолы болғыш екен. Сондықтан Кенесары оны ерекше қадірлеп, ақылдасып отырған.

1. Мәтіннен 3 жалқы есімді теріп жазыңыз.
2. Мәтіннің екінші абзацынан анықтауышты табыңыз.
3. Мәтіндегі 2-3 сөйлемінің етістігі қай шақта тұрғанын анықтаңыз.
4. Мәтіннен қарамен белгіленген сөздердің синонимін табыңыз.

Құрастырған аға оқытушы _____ Ф.И. Байбатанова